

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 11 қыркүйек
сағ.10:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық етті: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: ҚР энергетика-вице министрі Ә.Ж. Жамауов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), құрылымдық бөлімшелердің өкілдері (тізім бойынша).

**1. Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы
24 шілдедегі хаттамалық тапсырмаларын орындау барысы
туралы**

(Б.Таубаев, С. Кәрімов, Б.Ілімжанов, Ә. Искалиев)

1.1. Мұнай өнеркәсібі департаментінің директоры Б.Р. Таубаевтың, Мұнай игеру және өндіру департаменті директорының орынбасары С.С. Кәрімовтің, Қауіпсіздік департаменті директорының міндетін атқарушы Б. Ілімжановтың, Жер қойнауын пайдалану департаменті мониторинг басқармасының бас сарапшысы Ә.Ф. Искалиевтің Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы 24 шілдедегі хаттамалық тапсырмаларын орындау барысы туралы ақпараттары назарға алынсын;

1.2. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:

- білім және ғылым саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, колледждерде, жоғары оқу орындарында, оқыту орталықтарында кәсіби оқыту бағдарламалары сапасының мәселесін пысықтау, аясы тар, сұранысы жоғары мамандықтарды кеңейту мәселесін одан әрі пысықтау;

- ірі жобалардың операторларымен отандық мамандардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру туралы мәселесін одан әрі пысықтау туралы сұрақтарын Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына енгізсін *(Жауапты құрылымдық бөлімше – МИӨД);*

1.3. Қоғамдық кеңестің мүшелері:

- Қауіпсіздік департаменті әзірлеген Энергетика министрлігінің салалық проблемалық мәселелері картасының бекіту жобасын қарап, Қоғамдық кеңестің хатшылығына өз ұсыныстарын **2023 жылғы 18 қыркүйекке дейінгі** мерзімде жолдасын.

**2. 2021 және 2022 жылдардағы негізгі жер қойнауын
пайдаланушылардың МӨЗ-де мұнайды өндіру және қайта өңдеуге
жеткізу көлемдерін талдау туралы**

(Т. Уркумбаев)

2.1. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті директорының орынбасары Т.Е. Уркумбаевтың 2021 және 2022 жылдардағы негізгі жер қойнауын пайдаланушылардың МӨЗ-де мұнайды өндіру және қайта өңдеуге жеткізу көлемдерін талдау, оның ішінде шағын тоннажды МӨЗ жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2.2. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті:

- 2023 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде 2021 және 2022 жылдардағы негізгі жер қойнауын пайдаланушылардың МӨЗ-де мұнайды өндіру және қайта өңдеуге жеткізу көлемдері туралы материалдарды Қоғамдық кеңестің мүшелеріне (Қоғамдық кеңес хатшылығы арқылы) қызмет бабында пайдалану үшін жіберсін.

3. Энергетика министрлігінің Қазақстандағы мұнай және конденсат өндіру жөніндегі ұзақ мерзімді болжамдары туралы

(Н. Рустемов)

3.3. Мұнай игеру және өндіру департаменті мұнай өндіру мониторингі басқармасының басшысы Н.А. Рустемовтің Энергетика министрлігінің Қазақстандағы мұнай және конденсат өндіру жөніндегі ұзақ мерзімді болжамдары туралы ақпараты назарға алынсын.

4. Энергетика министрлігінің Мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жұмысы туралы

(А. Анисимов)

4.1. Цифрландыру департаментінің директоры А.С. Анисимовтің Энергетика министрлігінің Мұнайды есепке алудың ақпараттық жүйесін құру жөніндегі жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Қоғамдық
кеңестің хатшысы




Б. Әуетаев

Н. Секербеков

